

## 2022-2023 оқу жылында «ЛЖКА» АҚ білім алушыларына әлеуметтік қолдау көрсету

2022-2023 оқу жылында «ЛЖКА» АҚ Әлеуметтік Кеңесінің үш отырысы өтті.

Әлеуметтік кеңесте «ЛЖКА» АҚ білім алушыларына әлеуметтік қолдау көрсету туралы ереже бойынша студенттердің барлығы - 109 жеке құжаттары қаралды. Оның ішінде: 105 білім алушыға келесі тәртіпте әлеуметтік стипендия түрінде әлеуметтік қолдау көрсетілді:

- III топтағы мүмкіндігі шектеулі 3 студентке ай сайын 3 АЕК мөлшерінде төлемі берілді;

- III топтағы мүмкіндігі шектеулі 6 студентке және 5 жетім-балалар білім алушыға Студенттер үйлерінде тегін тұруға мүмкіндік берілді;

- 6 студентке біржолғы факті бойынша, жақын туысы (студенттің әкесі мен ағасы) қайтыс болуына байланысты мемлекеттік стипендия мөлшерінде материалдық көмек көрсетілді;

- 1 студентке ай сайын 1,5 АЕК мөлшерінде төлем берілді, себебі әкесі бірінші топтағы мүгедек болып табылады;

- толық емес отбасынан шыққан 28 студентке ай сайын 2 АЕК мөлшерінде төлем берілді;

- 4 студентке «ЛЖКА» АҚ-да оқудың барлық кезеңі үшін GPA кемінде 3,5 баллы бар бір оқу жылына оқу ақысы бойынша тек «Өте жақсы», «Жақсы» (А, А -, В+, В, В -) бағалары бойынша 10% жеңілдік берілді;

- 1 студентке 2022 жылғы 17-18 желтоқсан Алматы қаласында балалар, кадеттер, жасөспірімдер, қыздар, ерлер мен әйелдер арасында Кекушинкай каратэ-до бойынша халықаралық турнирде I орын алған (халықаралық пәндік олимпиадалардың және/немесе конкурстардың, сондай-ақ спорттық жарыстардың (жақын маңдағы шет елдер) ТМД елдерінде) жеңімпаздарына 15 АЕК мөлшерінде бір реттік факті бойынша төлем берілді;

- 6 студентке «Мемлекеттік және/немесе ұлттық жоғары оқу орындарында өткізілетін Республикалық пәндік олимпиадалардың және/немесе конкурстардың, сондай-ақ «ЛЖКА» АҚ-дан тыс, оның ішінде қалалық, облыстық және республикалық ауқымдағы спорттық жарыстардың жеңімпаздарына» балалар, қыздар мен жасөспірімдер арасында Шинкиокушинкай каратэ бойынша Республикалық турнирде, 2022 жылы Талдықорған қаласында, Астана қаласында 2023 жылғы 12 ақпанда, Алматы қаласында 2022 жылғы 27 қарашада Самбо күресінен I орын алған облыстық чемпионат жеімпаздарына 12 АЕК мөлшерінде бір реттік факті бойынша төлем берілді

- 1 студентке ТМД елдеріндегі халықаралық пәндік олимпиадалардың және/немесе конкурстардың, сондай-ақ спорттық жарыстардың (алыс және жақын шет елдер) II орын алған жеңімпаздарына бір реттік факті бойынша 10 АЕК мөлшерінде төлем берілді;

- 3 студентке «Мемлекеттік және/немесе ұлттық жоғары оқу орындарында өткізілетін Республикалық пәндік олимпиадалардың және/немесе конкурстардың, сондай-ақ «ЛЖКА» АҚ-дан тыс өткізілген

спорттық жарыстардың, оның ішінде қалалық жарыстардың жеңімпаздарына, облыстық және республикалық ауқымдағы» Қазақстан Республикасының жасөспірімдер, жасөспірімдер және жастар арасындағы Шинкиокушинкай каратэ чемпионатында, 2023 ж. Қарағанды қаласында, «Болашаққа кемел білім» республикалық студенттік Олимпиадасында және «Автоматика және басқару» бағыты бойынша ЖОО студенттері арасында XV Республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздарына бір реттік факті бойынша 9 АЕК мөлшерінде төлем берілді;

- 5 студентке Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсында (Мемлекеттік және/немесе ұлттық жоғары оқу орындарында өткізілетін Республикалық пәндік олимпиадалардың және/немесе конкурстардың, сондай-ақ «ЛЖКА» АҚ тыс өткізілген спорттық жарыстардың жеңімпаздарына, оның ішінде қалалық, облыстық және республикалық ауқымдағы) ІІІ орын алған бір реттік факті бойынша 6 АЕК мөлшерінде төлем берілді;

- «ЛЖКА» АҚ-ның қоғамдық өміріне және одан тыс жерлерде белсенді қатысатын Студенттік Үкіметтің 10 студентіне ай сайын 7 АЕК мөлшерінде төлем берілді;

- 2 студенттік деканға Студенттер үйінде тұруға СҮ-де тұру сомасының құнынан 50% жеңілдік берілді (50% студенттер өздері төлейді);

- 24 студентке, Студенттер Кеңесінің төрағаларына және қабат старосталарына студенттердің үйлерінде тұру СҮ-де тұру сомасының құнынан 50% жеңілдік берілді (50% студенттер өздері төлейді).

Әлеуметтік осал санаттағы 4 білім алушыға оқу ақысы бойынша келесідей жеңілдіктер берілді: 1 жетім студентке – оқу ақысы бойынша 10% жеңілдік, 1 жетім студентке – оқу ақысы бойынша 50% жеңілдік, 1 көп балалы отбасынан шыққан студентке – 30%, магистрантқа - 20%.